

ӘОЖ 329.735

XX ҒАСЫРДЫҢ 20-30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ КОМИНТЕРННІҢ МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ОНДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАҒДАЙЫ

Омаш Салима Болатқызы

salima.omash@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті, Аймақтану кафедрасының
докторанты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекші - Қобландин Қ.И.

1911 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың нәтижесінде Моңғолия Цин империясынан өз тәуелсіздігін жариялады. Богдо Джебдзцн-Дамба теократиялық монархия түріндегі Моңғол мемлекетінің басшысы болды. Сол жағдайда патшалық Ресей өзінің экономикалық және саяси мақсаттарына сай жаңадан құрылған моңғол мемлекетін қолдап, «Моңғол мәселесін» шешуде делдал болды. Ресей ойынша, Моңғолия бір жағынан орыс-қытай саудасындағы өзіндік «көпір» болса, екінші жағынан, шығыстан мүмкін болатын экспансиядан қорғайтын «қалқан» рөлін атқарды. Осылайша, «Моңғол мәселесі» тек сыртқы ғана емес, Ресейдің ішкі саясатындағы басым бағыттардың бірі болып қала берді.

«Моңғол мәселесін» шешуге арналған бірқатар шарттарға қол қойылғаннан кейін (1912 жылғы орыс-монғол, 1913 жылғы орыс-қытай декларациясы, 1915 жылғы орыс-қытай-монғол келісімі) Моңғолияның құқықтық мәртебесі Қытайдың құрамындағы кең автономия ретінде анықталды. Бұл Моңғолияның «де-юре» Қытайдың бір бөлігі, ал «де-факто» тәуелсіз мемлекет екенін білдірді. Моңғолияның бұл ұстанымы Ресей мен Қытай арасындағы күштердің ара салмағын көрсетті. Ресейдегі, содан кейін Қытайдағы революция мен азамат соғысы, 1915 жылғы қол қойылған Кяхта келісім жүйесінің түбегейлі бұзылуы, саяси аренаға жаңа субъектілердің шығуына әкелді. Нәтижесінде, Орталық және Шығыс Азия аймағындағы саяси күштердің арақатынасы айтарлықтай өзгерістерге ұшырады.

Қытай Ресейдің әлсірегенін пайдаланып Кяхта келісімін бұзып, 1919 жылы Сыртқы Моңғолия автономиясын жойды. Бұл жағдай Моңғолияда елдің ұлт-азаттық мақсатын көздеген алғашқы революциялық топтардың пайда болуына әкелді. Ұлттық тәуелсіздік үшін күреске көмектесетін бірден-бір ел Кеңестік Ресей болғандықтан, Моңғолия делегациясы Мәскеуге көмек сұрау үшін жіберілді.

Зерттеуші А.С.Железняковтың пікірінше, «Моңғол делегациясының алдында екі таңдау тұрды: бірі - өз Отанына нәтижесіз оралу немесе Моңғолияның болашағы туралы большевиктердің ойын түсінуге тырысу». Моңғол делегациясы ресей тарабымен өткен қызу келіссөздер нәтижесінде «Моңғолияда дала коммунасын құру мүмкіндігіне большевиктерді сендіре біліп, Моңғолияның «капиталистік емес даму жолына» көшуінің идеологиялық негізінің «...бірден-бір дұрыс жолы – ... Кеңестік Ресей жұмысшыларымен және шаруаларымен одақтасып, мемлекеттік және экономикалық тәуелсіздік үшін күресу» деп атап көрсетілді [1, 49 б.].

Өз кезегінде большевиктер басшылығы Моңғолияны Азия елдерін дүниежүзілік революция идеяларын ілгерілететін ең перспективалы аймақтардың бірі деп санады. 1919-1920 жж. Коминтерннің Атқару Комитеті дүние жүзінің әртүрлі аймақтарындағы ұлт-

азаттық қозғалыс мәселелерімен айналысатын бірқатар органдарды құрды. Ұлт-азаттық күресті дамыту бойынша барлық жұмыстарды үйлестіруді 1919 жылғы 11 желтоқсандағы КИИАК (Коммунистік Интернационалдың Атқару Комитеті) Бюросының шешімімен құрылған Шығыс департаменті арқылы жүзеге асырды [2, 10 б].

РКП(б) Сібір бюросының тұсында Шығыс халықтарының секциясы ұйымдастырылды, оған өз кезегінде қытай, корей, моңғол-тибет, жапон бөлімдері кірді. Реформа барысында секция КИИАК Қиыр Шығыс хатшылығының құзіретіне кірді [3, б. 26], оның басшысы болып белгілі революционер, 5-армия революциялық әскери кеңесінің мүшесі, Қиыр Шығыстағы Сыртқы істер халық комиссариаты рұқсат берген Сибревкомның мүшесі Б.З.Шумяцкий тағайындалды.

Профессор Л.Б.Жабаева 20-шы жылдардың бірінші жартысындағы Моңғолиядағы Коминтерннің қызметінде екі негізгі бағытты белгілейді: «Сыртқы саясат тұрғысынан большевиктік көсемдер Моңғолияны революцияның Азияға тереңірек ілгерілету үшін өте ерекше трамплин ретінде және Қытай революционерлерін қамтамасыз ету үшін ауыстыру-тиеу базасы ретінде қарастырды. Ішкі жоспарда БКП(б) (Бүкілодақтық большевиктердің коммунистік партиясы) Коминтерн және Кеңестер позицияларын нығайту, дамудың өзіндік жолын жақтаған МХР үкіметінің қыңыр қарсылығын, тіпті текетіресін еңсеру бағыты жүргізілді.» [3, 272 б].

1921 жылы Барон Унгерн Өргені басып алып, ол жақтан қытайларды қуып шыққаннан кейін Коминтерннің міндеті саяси тұрғыдан өзгеріп, әлдеқайда жеңілдей түсті. Унгернге қарсы күрес алдыңғы орынға шығып, Моңғолияны азат ету ісіне «таптық жауды» жою, сонымен бірге Моңғолиядағы кеңестік шекара үшін қауіпті бекіністерді жою туралы бұйрық берілді. [4, 74 б].

Қытай революциясына жан-жақты көмек көрсету, Моңғол жеріне кеңестік және коминтерндік ықпалды күшейту үшін Коминтерн арқылы қомақты қаржылай көмек беріліп, буряттар мен қалмақтар арасынан әскери нұсқаушылар, қару-жарақ және басқа да материалдық ресурстармен қамтамасыз етілді.

Коминтерн Моңғолияда «моңғолдардың ұлттық өзіндік сана-сезімін ояту үшін оң материал беретін революциялық қозғалыстың жалпымоңғолдық негізін»; Қытай империализміне қарсы белсенді революциялық күрес негізіне Моңғолия халқының барлық топтарының біріккен майданының тактикасын пайдалануды ұсынды. Сонымен қатар Моңғолиядағы араттар мен нояндар (князьдар) арасындағы таптық күресті өршіту үшін және дүниежүзілік революцияны тарату мақсатында ішкі Моңғолияның көптеген моңғол тілді халықтарын Қытайда революция жасау үшін пайдалануды көздеп, панмоңғолдық ұмтылыстарды қолдады.

Осы кезден бастап Моңғолияның ішкі және сыртқы саясатына Коминтерн мен Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының ықпалы басым болды. Коминтерн арқылы Моңғолияға бір топ кеңес нұсқаушылары жіберілді, ал шын мәнінде мемлекеттік және партия органдарының барлық жұмысы солардың қатаң бақылауында болды. Саяси қуғын-сүргін оппозицияға қарсы ішкі саяси күрестің, жеке билікті нығайтудың, сондай-ақ билік үшін күресте жеке есептерді шешудің құралына айналды.

Моңғолия төңкерісін кеңестік үлгіге келтіру мақсатында Моңғолия саяси жетекшілері қуғын-сүргінге ұшырады. Коминтерннің нұсқауымен Моңғолиядағы байлардың, ұлттық буржуазия мен интеллектуалды ламалар мен молдалардың мүлкі (құны 10 млн. төгрөг) тәркіленді, беделді Бодоо, Гэдэн, Данзан және тағы басқа қайраткерлер саяси аренадан шеттетілді.

Қоғам социалистік жолмен дами бастауымен қатар елде таптық күрес шиеленісе түседі деген сталиндік қағидатқа сәйкес Моңғолияда да Кеңестер Одағындай саяси нәубет кеңінен өріс ала бастады.

1930 жылдардың аяғында МХР-да партиялық мемлекеттік бюрократия, жаппай репрессия мен қорқыту, түрмелер үстемдік еткен сталиндік-чойбалсандық социализм орнады.

Негізінен мал шаруашылығымен айналысқан моңғол халқының (дүрбіт, торгоут, халқа, уранхай, захчин, байт т.б.) бас көтерерлері мен дінбасылары «социалистік жолға қарсы», «контрреволюцияшыл күштер», «жапон мемлекетінің пайдасына қызмет істеген» деген айыптармен түрмеге тоғытылып, жазаға ұшырады.

Моңғол деректеріне сәйкес, 1937–1939 жылдар аралығында 26000 адам репрессияға ұшырап, 25000 адам өлім жазасына кесілген.

Арнайы комиссия шешімімен 1939 жылдың 22 сәуіріне дейін 25824 іс қаралып, 20474 адамды өлім жазасына кесілді, 5103 адамды 10 жылға, ал 240 адамды 10 жылдан аз мерзімге соттап, бас бостандығынан айырылды. Тек 1937 жылдың тамызы мен 1938 жылдың қаңтары аралығында 10 728 адам қамауға алынған, оның ішінде 7814 лама, 322 бұрынғы феодал, 300 мемлекеттік қызметкер, 180 әскери басшылар, 3270 қазақ, 1555 буряттар және 408 қытайлар болды. Оның 7171 тергеуге алынып, 6311 атылды.

Кейбір деректерге қарағанда, сол жылдары 600 мыңдай халқы бар Моңғолияда репрессия салдарынан 37 мыңдай адам құрбан болып, 700 дей діни пұтханалар қираған [5].

Саяси нәубетке ұшырағандар арасында Моңғолияның батыс өлкесін жайлаған қазақтар да болды.

Айта кетерлігі, қазақ тұрғындарының Моңғолияның Батыс өлкесінде Қытаймен шекаралық аймақтарда пайда болуы туралы деректер ХІХ ғасырдың 60-шы жылдарында бастап кездеседі. Бұл қазақтардың негізін Керей тайпасының рулары құрады. Олардың Моңғолия аймағына көшіп келуінің негізгі себептерінің бірі Қытайдағы Маньчжурия өлкесінде 1850 - 1864 жылдардағы тайпин және 1862 – 1878 жж. дұнғандардың көтерілісі болды. Көтеріліс жеңілістерге ұшырағаннан кейін бұл жерлерге қытайларқоныстана бастады.

Жері тарылған қазақ тайпалары көршілес Моңғол аймағындағы жергілікті нояндарымен келісе отырып, қоныс аудару бастады. Алғашқы қоныс аударушылар қатарын Жылқышы Ақтайұлы (1820 – 1890) және Көбеш-батыр Айтбайұлы (1802 – 1888) бастады.

Қобда өлкесіне қазақтар қоныс тепкен кезде тек мал шаруашылығымен айналысып үнемі көшіп – қонып жүргендіктен жалпы адамдардың түтін саны туралы толық дерек сақталмаған. 1905 - ші жылдары мұндағы қазақтардың жанұя саны 1370 шамасында болды.

Тарихшы Ә.Сарайдың дерегі бойынша, «1860 жылдардан Алтайдың бергі бетінде мекен еткен қазақтардың саны көп емес. Өткен жылғы мәліметпен (1923) Қобда бетінде жүргізілген зерттеуге қарағанда қазақтардың отбасы 1870 деп көрсетілген. Бір отбасында төрт адамнан деп есептесек 7480 адам, бір шаңырақта алты адам деп есептесек 11220 адам болар еді» [6, 35 -36 б.] дейді.

1934 жылы қазақ хошуының шаңырақ саны 3834, адам саны 18699 болса, ерлер 7690, әйелдер 9733, молда 1276 делінген. Ал, Қобда аймағына қарасты болған 1938 жылдары бұл аймақтың барлық адам санының 33% немесе 21000 қазақ адам, 4300 түтін, 3 хошуун, 9 (үшінші дәрежелі әкімшілік) сұмын, 74 баққа (төртінші дәрежелі әкімшілік) бөлініп өмір сүрді [7, 8].

Моңғолиядағы қазақ тайпаларын жергілікті ру басылары басқарып, олар елдің ішкі, сыртқы саясатын, көші-қон, жергілікті моңғолдар мен билік өкілдерімен қандай қарым-қатынаста болуы туралы белгілі батырлар, ақсақалдар мен сауатты молдалармен ақылдасып отырды.

1911 жылы Моңғолияда билік басына Богдо Джебдзцн-Дамбы келгеннен кейін қазақтардың Керей тайпасының Шеруші руының билері Қылаң, Сүкірбай, Қиюбай және Ботақара руының биі Ақтышқан, Қошақ руының басшысы Ақмәди өздерін Моңғолия елінің

қарамағына алуы туралы Богдыханға хат жолдап, нәтижесінде қазақ рулары Моңғол автономиясының құрамына енді.

1924 жылы Моңғол Халық Республикасы құрылған алғашқы құрылтайға қазақ халқының атынан Шеруші хошунынан Дәуітбай, Ботақара хошунынан Қанафия, Қошак хошунынан Ақмәди қатысады.

1924 – 1930 жылдар аралығында Қобда өңіріндегі барлық қазақтар Шұбарайғыр және Шеруші деген екі хошунға (аумақ) бөлініп, басқарылып келді.

1930 жылы МХР Орталық партия комитеті мен үкіметі қазақтарға жеке аумақ беру туралы қаулы қабылдайды. Жарлық бойынша аумақтың оңтүстік шекарасы мемлекеттік шекара болып есептелді, шығысы мен солтүстігінде Делун, Хонгор өлең, Хатуу, Өлгий аумағын қамтыды, ал қазақтар Өрөттін оңтүстігіндегі жерлерге урианхайлармен тең дәрежеде иелік ете алатын болды.

Осы орайда қазақ қайраткері Тұрар Рысқұловтың 1924 жылдың қазан айынан 1925 жылдың шілдесіне дейін Коминтерннің Шығыс секциясының тапсырмасымен саяси науқан кезінде Моңғолияда қызмет атқарғанын және оның қазақ ағайындарына үлкен пана бола білгенін атап өткен жөн. Т.Рысқұлов Моңғолияның тұңғыш қабылданған Конституция авторларының бірі болды, оның ұсынысымен Моңғолия астанасы Улан баатар (Қызыл батыр) деп аталды.

Алайда, 30-жылдары Моңғолияда басталған саяси нәубет қазақ халқына да өз әсерін тигізді. Халықтан алынатын алым-салықтың ұдайы өсуі, жайылымдық жерлердің тарылуы, ауа райының қолайсыз кезеңдері (жұт, қуаншылық), жергілікті шолақ белсенділердің өктемділігі мен озбырлығы нәтижесінде аймақта бірде бір мешіт қалмай, қиратылуы қазақтардың бас көтеруіне әкелді.

1928 жылы Моңғолияның V- құрылтайына өкіл болып қатысқан Шеруші хошунының әкімшілік төрағасы Дәлелхан Сүгірбайұлы «бай-феодалдарды тап ретінде жою» туралы Құрылтай шешіміне наразы болып, Алтай асып кетті.

1932 жылғы Моңғолияда саяси нәубетке қарсы болған көтеріліске қазақтар да қатысты. Тарихта 1932 жылы Кенжебек айдаған, 1934 жылғы қарапайым қазақтарды ату т.б. оқиғалар халық жадында кеңінен сақталды.

Моңғолиядағы қазақтарды оқу-білімге үйрету мақсатымен 1930–1932 жылдары Коммунистік Жастар Интернационалы (КЖМ) ұйымының жолдамасымен Қазақстаннан келген ағартушы, мұғалімдер отбасылы Өтеповтер, Қ.Тілеубердин мен Б.Жолтаев қазақтар арасында 3 жылға жуық жұмыс істеген. Алайда, кейіннен Өтепов Қазақстанда, Б.Жолтаев Моңғолияда саяси қуғынға ұшыраған. [9, 215 б.].

Бұл жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің ерекшеліктері — мемлекет және оның қызмет иелері мен органдарының қарапайым адам құқықтарын жаппай өрескел бұзып, аяққа таптауы болды. Бұл заң бұзушылық қуғын-сүргін саясатын жүзеге асыру барысында бұқаралық сипат алып, оған заңдық негіз бен жариялылық түр берген кеңес заңдарының нормалары нұсқаулармен бүркемеленді.

Азаматтарды «халық жауы» деп жариялап, азаматтық құқықтардан айыру, мемлекеттен қуу, дүние-мүліктерін тәркілеу, қатаң оқшаулау арқылы еркінен айыру, ату жазасына кесілуі тәрізді жазалау шаралары да кеңінен қолданылды.

Жалпы, деректер бойынша тек қана 1937–1938 жылдары 3270 қазақ жалған жаламен атылған, яғни бұл сол кездегі Моңғолиядағы 23299 қазақтың 7,6 % құрайды [10, 11, 12].

Қорыта айтқанда, Коминтерннің 20-30 жылдардағы Моңғолиядағы саясаты, бір жағынан, Шығыста дүниежүзілік революция идеяларын ілгерілету шеңберінде жүзеге асырылды. Кеңестік билік моңғол халықтарының ұлт-азаттық қозғалысын, панмонголизм идеяларын пайдалана отырып, Моңғолияны Қытайды революциялауда «сынақ алаңы» ретінде қарастырды. Ал екінші жағынан, Коминтерн ішкі саяси күресте және Моңғолияның

капиталистік емес даму жоспарларын жүзеге асыруда өздерінің таптық ұстанымдары мен кеңестік партия құрылымдарын нығайта отырып. Моңғолияда да саяси репрессия саясатын кеңінен жүргізді. Нәтижесінде «Үлкен террор» жылдарында ел басшыларынан бастап қарапайым еңбекшілерге дейін ондаған мың адам қаза тауып, зардап шекті. Бұл кезең КСРО және Моңғолия халықтары тарихында «қаралы жылдар» ретінде мәңгіге қалды.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Железняков А. С. Рождение монгольского коммунизма // Вестник Московского университета. Сер. 13. 2000. № 1. С. 46–60.
2. Адиебеков Г. М. Организационная структура Коминтерна. 1919–1943. – М.: «Российская политическая энциклопедия» (РОССПЭН), 1997. – 287 с.
3. Жабаева Л. Б. Элбек-Доржи Ринчино и национально-демократическое движение монгольских народов. – Улан-Удэ: Изд-во ВСГТУ, 2001. – 334 с.
4. Лузянин С. Г. Монголия: между Китаем и Советской Россией (1920–1924) // Проблемы Дальнего Востока. 1995. № 2. С. 71–83.
5. Г. Байжұма, З.О. Дүкенбаева. Моңғолия қазақтарының репрессия дәуіріндегі қилы тағдыры. Вестник Карагандинского университета, Серия «История. Философия». № 2(102)/2021
6. А. Сарай Революциядан бұрынғы Моңғолия қазақтары. Баян – Өлгий 1992 ж. 29-32 бет
7. Б. Ганбатаар 1918-1976 жылдар аралығындағы халық саны. УБ 1977 ж. (моңғол тілінде).
8. З. Қинаятұлы. Моңғолияның қазақтары. 1- кітап. Алматы, 2001, 320 б
9. Қабышұлы И. Моңғолия қазақтарының тарихы / И. Қабышұлы. — Баян-Өлгий: 1980
10. С.Рахметұлы. Құжырты құрбандары. Өлгий, 2004, 28-31 б.;
11. Қ.Зардыхан. Моңғолиядағы қазақтар. 2-ші кітап. Алматы, 2007, 137-138бб.;
12. Д.Баймолда. Қазақ көші. Алматы, 2013. – 308 б.